

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ғ. ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»

Кафедра меңгерушісі

к.т.н., профессор Оржанова Ж.К.

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

« _____ » _____ 20__ ж.
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Тұрақты ток қозғалтқышын жобалау

5B071800 - «Электроэнергетика» мамандығы бойынша

Орындаған Марат Әділжан Сәкенұлы ЭАТҚК-16-4
(аты - жөні) (тобы)

Жетекші Ғали Кәкімжан Оралұлы, т.ғ.к., доцент
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер:

Техникалық бөлімі бойынша:

Ғали Кәкімжан Оралұлы, т.ғ.к., доцент

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

« _____ » _____ 20__ ж.

(қолы)

Экономикалық бөлім бойынша:

Түзелбаев Бақберген Ибадиллаевич, PhD докторы

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

« _____ » _____ 20__ ж.

(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

Мусаева Ж.К., б.ғ.к., доцент

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

« _____ » _____ 20__ ж.

(қолы)

Пікір жазушы:

Иманбекова Тохтабүби Джумадиловна, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

« _____ » _____ 20__ ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ғ. ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетика және электр техника институты
5B071800 - «Электроэнергетика» мамандығы
Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы
жұмысты орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Марат Әділжан Сәкенұлы

(аты - жөні)

Жұмыс тақырыбы Тұрақты ток қозғалтқышын жобалау

Ректордың «11» 11 2019 № 147 бұйрығы бойынша
бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «28» мамыр 2020 ж.
Жұмысқа бастапқы деректер (талап етілетін жұмыс
нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Бастапқы берілгендер: Номинал қуаты – $P_n = 22$ кВт; Номинал
кернеуі – $U_n = 110$ В; Номинал айналу жиілігі – $n_n = 1500$ айн/мин;
Айналу осінің биіктігі – $h = 225$ мм. Қоздыру – параллель қоздыру.

Қорғау дәрежесі бойынша орындау – IP22,

Дипломдық жұмыста әзірлеуге жататын сұрақтар тізімі немесе
қысқаша мазмұны:

1. Тұрақты ток қозғалтқышына шолу
2. Тұрақты токты электр машиналарының жұмыс істеуі мен қолдану
аймағы
3. Қозғалтқыштың электрлік тепе-теңдік теңдеулері
4. Қоздыру кезіндегі тұрақты ток қозғалтқыштарының әр түрлі
жылдамдық, механикалық және жұмыстық сипаттамалары
5. Негізгі шамаларды таңдау
7. Магнит тізбегінің шамаларын анықтау
8. Орамның өткізгіш материалын таңдау
9. Параллель қоздыру орамасының есебі
10. Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлім
11. Экономикалық бөлі

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

1. Бөлшектенген түрдегі тұрақты ток машинасы
2. Тұрақты ток машинасының негізгі бөлшектері
3. Якордың ойықтарының түрлері
4. Якордың жартылай жабық (а) және ашық (б) ойықтары
5. Негізгі полюс
6. Қосалқы полюс
7. Коллектор қаңылтырының құрылысы
8. Коллектордың жиналған түрі (а) және якор қаңылтыры (б)
9. Щеткалық аспап
10. Тістің параллель жақтары бар сопақша пішінді жартылай жабық паздар
11. Негізгі өлшемнің полюстік ұшы
12. Бос жүріс $B_\delta = f(F_\Sigma)$ және өтпелі процесс $B_\delta = f(F_{szj})$ сипаттамалары
13. Тұрақты ток қозғалтқыштарының қосылу тізбектілігі
14. Адамдағы токтың жолдарының сипаттары
15. Кернеуге тәуелді, адам организімінен өтетін ток күші және кедергісі
16. Шамдардың орналасу сұлбасы
17. Өмір тіршілік қауіпсіздігі
18. Экономикалық бөлім

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

Проектирование электрических машин. / Под ред. Копылова И.П. – М.: Издательство Юрайт, 2011.

Кацман, М.М. Электрические машины/М.М.Кацман.-М.: Высшая школа, 2004. – 464с.

Иванов – Смоленский А.В. Электрические машины. – М.: Изд-во МЭИ, 2004.

Копылова И.П. Электрические машины. – М.: Высшая школа, 2006.

Жұмыс бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

Бөлімшелер	Кеңесші	Мерзімі	Қолы
Негізгі бөлім	Ғали К.О.	28.05.2020	
Өмір тіршілік қауіпсіздігі	Мусаева Ж.К.	24.05.2020	

<i>Экономикалық бөлім</i>	<i>Тузелбаев Б.И.</i>	25.05.2020	
---------------------------	-----------------------	------------	--

Диплом жұмысын дайындау
К Е С Т Е С І

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	<i>Тұрақты ток қозғалтқышына шолу</i>	<i>18.11.2019</i>	
2.	<i>Тұрақты токты электр машиналарының жұмыс істеуі мен қолдану аймағы</i>	<i>19.12.2019</i>	
3.	<i>Қозғалтқыштың электрлік тепе-теңдік теңдеулері</i>	<i>14.02.2020</i>	
4.	<i>Қоздыру кезіндегі тұрақты ток қозғалтқыштарының әр түрлі жылдамдық, механикалық және жұмыстық сипаттамалары</i>	<i>30.03.2020</i>	
5.	<i>Айналу жылдамдығы мен бағытын реттеу әдістері</i>	<i>3.04.2020</i>	
6.	<i>Негізгі шамаларды таңдау</i>	<i>13.04.2020</i>	
7.	<i>Якор орамаларын таңдау</i>		
8.	<i>Тістік аймақтың геометриялық есебі</i>	<i>27.04.2020</i>	
9.	<i>Магнит тізбегінің шамаларын анықтау</i>	<i>30.04.2020</i>	
10.	<i>Магнит тізбегінің есептік қималарындағы индукция</i>	<i>2.05.2020</i>	
11.	<i>Магнит желілерінің орташа ұзындығы</i>	<i>10.05.2020</i>	
12.	<i>Параллель қоздыру орамасының есебі</i>	<i>13.05.2020</i>	
	<i>Коллектор мен щеткалар</i>	<i>20.05.2020</i>	
13.	<i>Қосымша полюстердің орамасын есептеу</i>	<i>28.05.2020</i>	
14.	<i>ПӘК және шығындар</i>		
15.	<i>Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі</i>	<i>24.05.2020</i>	
16.	<i>Экономикалық бөлім</i>	<i>25.05.2020</i>	

Тапсырманың берілген уақыты « 18 » қараша 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Оржанова Ж.К., т.ғ.к., профессор
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жұмыс жетекшісі _____ Ғали К.О., т.ғ.к., доцент
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы

кабылдаған студент _____ Марат Ә.С.
(қолы) (аты -жөн)

Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада 22 кВт қуаттағы тұрақты ток қозғалтқышын жобалау қарастырылған. Жұмыстың басында осы тұрақты ток қозғалтқышына және жалпылама тұрақты ток машиналарына жалпы теориялық шолу жасалынып өтті. Кейіннен осы тұрақты ток қозғалтқышының негізгі өлшемдерін анықтап, зәкір орамдарын таңдап, тісті аймақтың геометриясын, зәкір орамасын есептеп, магниттік тізбектің размерлерін анықтап, магниттік тізбектің қимасы анықталынды. Сонымен қатар, магниттік сызықтың орташа ұзындығы, магниттік тізбектің есептік қимасындағы индукция, магниттік тізбектің бөлек аймақтарындағы магниттік кернеу, параллельді қоздыру орамы, коллектор мен щетканы есептеп, коммутациялық параметрлер, қосымша полюстердің орамдары, шығын мен ПӘК - ті, жұмыстық сипаттамаларды анықталынды, жылыулық есептеулер мен желдету есептеулері де қарастырылған.

Бұл жұмыста тұрақты ток қозғалтқышын жобалаудан басқа қозғалтқышты пайдаланған кездегі өмір тіршілік қауіпсіздігі, сондай-ақ қозғалтқыштың өзіндік құны мен экономикалық тиімділігі де есептелді.

Аннотация

В этом дипломном проекте рассматривается проектирование двигателя постоянного тока с мощностью 22 кВт. В начале проекта мы ознакомимся в общем с теорией машин постоянного тока, а именно двигателей постоянного тока. В процессе работы находились основные размеры двигателя постоянного тока, обмотки якоря, геометрию зубцовой зоны, сечений, размеры магнитных цепей, а также расчет проводился на среднюю длину магнитных линий, индукцию в сечений магнитных цепей, напряжении отдельных зон магнитных цепей, данные коллектора и щеток, коммутационных параметров, обмотки добавочных полюсов, потери и КПД, рабочие характеристики двигателя постоянного тока, тепловой и вентиляционный расчет, а в специальном разделе рассматривается магнитная вибрация и метод его снижения.

Помимо проектирования двигателя постоянного тока, в данном дипломном проекте рассматривалось безопасность жизнедеятельности в эксплуатации этого двигателя и проводились расчеты на себестоимость и экономичность.

Annotation

This diploma project deals with the design of a DC motor with a power of 22 kW. At the beginning of the project, we will get acquainted in General with the theory of DC machines, namely DC motors. The main dimensions of the DC motor, armature windings, the geometry of the tooth zone, cross sections, the size of magnetic circuits, as well as the calculation was carried out on the average length of magnetic lines, induction in the cross sections of magnetic circuits, the voltage of individual zones of magnetic circuits, collector and brush data, switching parameters, additional pole windings, losses and efficiency, working characteristics of the DC motor, heat and ventilation calculation, and in a special section, magnetic vibration and a method for reducing it are considered.

In addition to designing a DC motor, this diploma project considered the safety of life in the operation of this engine and carried out calculations for cost and efficiency.

Мазмұны

	Кіріспе	9
1	Тұрақты ток қозғалтқышына шолу	10
1.1	Тұрақты токты электр машиналарының жұмыс істеуі мен қолдану аймағы	11
1.2	Тұрақты токты машиналардың құрылысы	11
1.3	Қозғалтқыштың электрлік тепе-теңдік теңдеулері	18
1.4	Тұрақты токты қозғалтқыш қуатының энергетикалық тепе-теңдігі	19
1.5	Қоздыру кезіндегі тұрақты ток қозғалтқыштарының әр түрлі жылдамдық, механикалық және жұмыстық сипаттамалары	20
1.6	Айналу жылдамдығы мен бағытын реттеу әдістері	23
2	Негізгі шамаларды таңдау	23
2.1	Якор орамаларын таңдау	25
3	Тістік аймақтың геометриялық есебі	29
3.1	Якор орамасын есептеу	31
4	Магнит тізбегінің шамаларын анықтау	33
4.1	Магнит тізбегінің есептік қимасы	35
4.2	Магнит желілерінің орташа ұзындығы	36
4.3	Магнит тізбегінің есептік қималарындағы индукция	37
4.4	Магнит тізбегінің жеке бөліктеріндегі магниттік кернеу	38
5	Параллель қоздыру орамасының есебі	41
5.1	Коллектор мен щеткалар	42
5.2	Қосымша полюстердің орамасын есептеу	43
6	ПӘК және шығындар	45
7	Өміртіршілік қауіпсіздік бөлімі	48
7.1	Қозғалтқыштарды пайдалану кезіндегі (монтаж, жөндеу) техника қауіпсіздігі	48
7.2	Өндірістік жасанды жарықтандыру жүйелері	52
8	Экономикалық бөлім	58
8.1	Капиталдық салымдар мен материалдық шығындарды есептеу	59
8.2	Жыл сайынғы эксплуатациялық шығындар	61
8.3	Капиталдық салымдар мен материалдық шығындарды есептеу (2-нұсқа)	63
8.4	Жобаның экономикалық тиімділігін есептеу	66
	Қорытынды	68
	Әдебиеттер тізімі	69

Кіріспе

Электртехникалық өнеркәсіп өндірісінде жалпы электр машиналары жетекші орын алады, сондықтан жаңа электр машиналарының пайдалану қасиеттері Қазақстан экономикасы үшін маңызды.

Электр машиналарын жобалау энергияны электромеханикалық түрлендіру процестерін және есептеу техникасын қолдана алатын инженер – электромеханиктердің тәжірибесі мен біліктілігіне негізделген.

Электр машиналарын жобалау кезінде құрылымдық элементтер машинаны дайындау кезінде материалдардың еңбек сыйымдылығы мен шығыны ең аз болатындай болып есептелуі тиіс, ал пайдалану кезінде олар дайындаудың қазіргі заманғы әлемдік деңгейін, сондай-ақ мемлекеттік және салалық стандарттардың талаптарын ескере отырып, оңтайлы энергетикалық көрсеткіштерге ие болуы қажет.

Электр машиналарын есептеудің жоғары еңбек сыйымдылығы әртүрлі параметрлер мен сипаттамаларды жүргізуге, зерттеуге, оңтайландыруға, электр машиналарының нақты жобаларын жасауға мүмкіндік бермейді. Үлкен есептік формулалар электр машиналарында өтетін күрделі процестердің заңдылықтарын көруге, сондай-ақ әлемдік үздік үлгілер деңгейінде жоғары сенімді техниканы жасауға мүмкіндік бермейді.

Бұл дипломдық жұмыста тұрақты емес орамада, параллель қоздырылған тұрақты ток қозғалтқышына есептеу жүргізіледі, қорғаныс дәрежесі бойынша - IP22, салқындату тәсілі бойынша – IC01, оқшаулау класы В, жалпы негізге 2П сериялы тұрақты ток машинасы алынды.

Бастапқы берілгендер:

Номинал қуаты – $P_n = 22$ кВт;

Номинал кернеуі – $U_n = 110$ В;

Номинал айналу жиілігі – $n_n = 1500$ айн/мин;

Айналу осінің биіктігі – $h = 225$ мм.

Қоздыру – тұрақтанты емес орамалы параллель қоздыру. Қорғау дәрежесі бойынша орындау – IP22, салқындату тәсілі бойынша – өздігінен желдету (IC01).

Жұмыс режимі - ұзақ. Қыздыруға төзімділік класының оқшаулау масы - В.

Құрылымның негізі ретінде П немесе 2П сериялы тұрақты ток машинасы.

1 Тұрақты ток қозғалтқышына шолу

Бастапқыда электр машинасының арасынан бірінші болып тұрақты токты электр қозғалтқышы [(1838 ж.) Б.С.Якоби қозғалтқышы] пайда болды. Заман өзгерген сайын өндірісте жасалып жатқан арнайы электр машиналарының түрлері көп, айта кететін болсақ, тұрақты токты энергияны айнымалы ток энергиясына түрлендіретін машиналар не болмаса керісінше, автоматты басқару жүйелеріндегі бақылау, санау, реттеу – есептегіш құрылғыларында датчик есебіндегі (жылдамдық датчигі) микромашиналар және т.с.с.

Электр машиналары дегеніміз - электртехника мен электроэнергетикада пайдаланатын электр машиналарының түрлерін құрылымдық байланысу сұлбаларын, сонымен қатар пайдаланатын физика заңдарын қарастыратын машина. Жалпы электр машиналар келесідей түрлерге бөлінеді: трансформатор, айнымалы токты машиналар, тұрақты ток машиналар, асинхронды машиналар, синхронды машиналар, қозғалтқыштармен және генераторлардың құрылысын және жұмыс жасау принциптерін қамтиды. Электр энергетикасы саласында электр машиналар келесідей салаларда кеңінен пайданылады: авиацияда, өндірісте, автоматтық басқару мен реттеу саласында және құрылыста, транспортта, механикалық энергияны электр энергиясына және керісінше электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіру мақсатында пайданылады.

Жалпы тұрақты токты электр машиналары пайданылуы қарай кернеуі тұрақты болып қалатын, механикалық энергияны электр энергиясына түрлендіретін электр генераторлары (электр энергиясының көзі генераторлар болып саналады) және тұрақты ток электр энергиясын түрлендіретін электр қозғалтқыштары деп қарастырылады. Осы механикалық энергияны тәжірибе жүзінде, өндірісте пайдаланғанда қандай да бір орындаушы механизмдерді (трамвай, станок, лебедка, троллейбустың, электрпойыздың және т.б.) іске қосу үшін қолданылады. Көп жағдайда, электр машинасына не генератор, не қозғалтқыш ретінде пайданылатын болады. Осы екі жақты энергия түрлендіретін қасиетін машинаның қайтымдылығы деп айтамыз. Сол сияқты, біртекті токтың электр энергиясын келесі бір токтың энергиясына түрлендіру кезінде электр машиналары пайданады. Осындай электр машиналарын түрлендіргіш деп атаймыз.

Неше түрлі кернеу мен қуаттарға арнаған тұрақты ток машиналарын электртехника өндірісінде дайындайды. Жалпы қуаттарына байланысты шартты түрде келісі топтарға бөліп қарастыруға болады:

- қуаты ваттың үлесінен 500 Вт – қа дейін болатын микромашиналар;
- 500 Вт – тан 10 кВт – қа дейін болатын қуаты төмен машиналар ;
- 10 кВт – тан бірнеше жүз киловаттқа дейін болатын қуаты орта машиналар ;

- Бірнеше жүз киловаттан жоғары болатын үлкен қуатты машиналар.

Автокөліктерде пайдаланатын тұрақты ток машинасының кернеуі 6...12 В – ке дейін болса, ал радиотехника құрылғыларында пайдаланатын кернеуі 30 кВ – ке дейін қамтиды. Ең көп пайданылатын тұрақты ток машиналарының кернеуі 110...400 В, қуаты 200 кВт-қа дейін, айналу жиілігі 550...2870 айн/мин ие. Ал микромашинаның айналу жиілігі ондаған айналымнан 30 000 айн/мин дейін жетеді. Көлікте және ауыл шаруашылығында, өнеркәсіп саласында электрқозғалтқыштар көп пайданылады. Радиотехникалық құрылғыларды, байланыс құрылғыларын, және т.б. қоректендіру мақсатында генераторларды пайдаланады. Қазіргі уақытта экономикалық жағынан тиімді, пайдалануға ыңғайлы тұрақты ток көзі ретінде кең қолданыс тауып жүрген, статикалық шала өткізгішті түрлендіргіштерді атап айтсақ болады.

1.1 Тұрақты токты электр машиналарының жұмыс істеуі мен қолдану аймағы


Тұрақты ток машиналары – электр техникалық, өзара қайтымды құрылғылар. Бұл машиналар еш құрылыстық өзгерістерге болмай-ақ, генератор не болмаса қозғалтқыш ретінде жұмыс істей алады. Әдетте, аз қуатты электр энергиясының желілік көзі ретінде тұрақты ток генераторлары, атап айтсақ, синхронды генераторлардың қоздыру орамаларын қоректендіру мақсатында пайданылады. Генератордың құрылысында электр энергиясын алатын щеткалы-түйіспелі құрылғының бар болуы, сол жердегі кернеу мен қуат шамаларын шектейді. Жалпы айналу жылдамдығын кең ауқымда баяу басқару мүмкіндігіне ие болғандықтан тұрақты ток қозғалтқыштары баяу өзгертуді қамтамасыз ететін электр жетектерінде, сонымен қатар белгілі бір құрылыстағы есептеу мен реттеу машиналарында пайдаланатын микро жүргізгіштер іспеттес пайданылады.

Тұрақты ток машиналары ауыл шаруашылығының өндірісінде тәжірибе жүзінде пайданылмайды деп айтсақ та болады. Жылжымалы щеткалы - түйіспелі тетіктері ауыл шаруашылығының шаңды және ылғалды орталарда, және т.с.с. орындарда қарқынды үйкелу әсерінен тозуға әкеліп соқтырады. Осындай жағдайларға байланысты тұрақты токтың қозғалтқыштары трамвайлар мен басқа да көлік түрлерінде де көп қолданысқа ие болды, олардың кең пайдалануға ие болу себебі, олардың айналу жылдамдығын баяу, тиімді, үнемді, кең диапазонда реттеу мен басқару, орнынан қозғалу барысында іске қосу моменттерінің жоғарылығында. Асинхронды қозғалтқыштарға қарағанда тұрақты ток қозғалтқыштарының жүргізу моменті аз айналым жиілігін реттеу шегін соғұрлым аз, сол себепті де олар реттелетін электр жетектерінде теңдесі жоқ құрылғы болуында.

1.2 Тұрақты токты машиналардың құрылысы

Құрылымдық сұлбасы жағынан тұрақты ток машинасының қандай да бір электр машиналарының құрылысынан айырмашылығы аз. Машинадағы негізгі қозғалмайтын бөлік – статор, оның ішіндегі қозғалатын бөлік ротор орналасқан. Қуаты шағын үлкен емес машиналарда статорды қуыс цилиндр тәріздес ал үлкен қуатты машиналарда көп қырлы цилиндр тәрізді етіп дайындайды. Магнит өтімділігі жоғары материал ретінде статорды дайындау кезінде электртехникалық болат қолданылады. Тірек ретінде роторға қызмет жасайтындар подшипниктер. Бүйірлік қалқандарға оларға бекітілген. Статорда орналасқан магнит полюстерінің қоздыру орамы қозғалмайды, ал роторда орналасқан негізгі якорьге тән орам магнит өрісінде айналады. Жалпы тұрақты ток машинасы якорден, қоздыру орамасынан, полюс ұштамаларынан, статор жармасынан (станина), коллектордан, щетка құрылғысынан, якор орамасынан, негізгі және қосалқы полюстерден және т.с.с. көмекші құрылғы бөлшектерінен тұрады. Машина құрылысында болатын негізгі элементтер 1.1 мен 1.2-суреттерінде берілген.

Статордың жармасы. Тұрақты ток машинасының қозғалмайтын бөлігі – статордың табаны, оның қызметі полюстер мен машинаның іргетасқа орнатылуын қамтамасыз етеді. Полюстер орнатылған станинаның бөлігі жарма деп аталады.




а-статор; в- калқан; с- коллекторымен бірге ротор
1.1 сурет - Бөлшектенген түрдегі тұрақты ток машинасы

Бұлар магнит өткізгіштің бір бөлігі болып саналады, сондықтан сол арқылы өтетін магнит ағынына тиімді жағдай жасау мақсатында, оны магнит өткізгіштігі жоғары болатын болаттан не болмаса арнайы шойыннан дайындайды. Құймалы болаттан не болмаса тұтас созылған болат құбырдан жарманы жасайтын технологияны даярлайды. Магнит өрісі негізгі полюстерде тұрақты болуына байланысты, бұл жерде қ ұйынды токтар мен гистерезис құбылысы орын алмайды.


Якор. Машинаның айналатын бөлігі - якор, оны 0,5мм қалыңдықтағы қалыпты, дөңгелек электр техникалық болаттан жасалған, жұқа қаңылтырдан тұратын цилиндр. Жұқа қаңылтырлар етіп жасағандықтан оны жинаған соң, белгілі бір тетікпен қысады, якордың сыртқы бетін жағалай тістер мен

ойықтар орналасады. Якор ойықтары, көп жағдайда ашық болады, ал асинхронды машиналар роторының ойықтары тәрізді кішкене машиналар үшін жабық болады (1.3 сурет). Қаңылтырларды жинап болғаннан соң пайда болған бойлық ойықтарға якордың орамаларын төсейді (1.4 сурет).




1.2 сурет - Тұрақты ток машинасының негізгі бөлшектері

Арнайы электртехникалық болаттан якордың қаңылтырлары жасалады, олардың магнитөткізгіштігі, қалыпты жағдайдағы құрылымдық болаттан әлдеқайда жоғары. Яғни, осы магнит ағынының магнитөткізгіш темірінен өтуіне ыңғайлы жағдай жасайды және гистерезис құбылысы арқылы магнитөткізгіште артық магниттелу шығынын төмендетеді. Якорде болатын құйынды токка (Фуко тогына) электр кедергісін ұлғайту мақсатында тұтастай емес, жұқа қаңылтыр жиынтығынан жасалады.



1.2 сурет –Якордың ойықтарының түрлері


Электрлік кедергіні ұлғайту мақсатында қаңылтыр қалыңдығын, оның механикалық беріктілігін сақтайтын шекке дейін жұқартады. Якорды жинағаннан соң электр тұрғысынан қарағанда қаңылтырлар тізбектей жалғасқан болмау мақсатында оқшаулағыш лак жағады, яғни қаңылтырдың саны қанша болса, соғұрлым сонше есе Фуко тоғы кемітін болады. Фуко тоғының әсерінен болатын электр шығынын біршама төмендетеді.



1.4 сурет - Якордың жартылай жабық (а) және ашық (б) ойықтары

Яғни, магнит кедергісін төмендету мақсатында арнайы электр болатынан, электр кедергісін ұлғайту мақсатында болаты жұқа қаңылтыр етіп тіліп, жинап, лак жағыып дайындайды. Бұл орындаулар құйынды токтар мен гистерезис құбылысынан болатын электрлік және магниттік шығындарын төмендетеді.

Негізгі полюстер. Машинада негізгі бас полюстер негізгі магнит ағынын тудыруға және өткізу үшін полюстік өзекшеден, полюстік ұштықтан тұрады, кейбір жағдайда оны «башмак» деп атайды, себебі оның құрылымы темір жол башмағы тәріздес (1.2сурет), полюстік ұштықтарына осындай пішінді ауа саңылауы арқылы магнит ағынын өткізуді жеңілдету мен оның зәкір бетінің полюсіне біртекті орналасуын қамтамасыз ету мақсатында берілген.




1-өзекше; 2-қоздыру орамасы ; 3-станина; 4-полюстың ұштықтары; 5- катушканың қаңқасы; 6- бекіту болты.

1.5 сурет - Негізгі полюс

Көп жағдайда, полюстердің қалыңдығы 1мм электртехникалық болаттан дайындалады, оқшауланған қаңылтырлардан жинайды, себебі якор тістілігінен туындайтын полюс ұштықтарының жоғары қабаттарында магнит индукциясының соғуы нәтижесінен пайда болған, құйынды токтардан келетін шығынды төмендету мақсатында, индукцияның үзіктенуі арқылы қабаттардың жоғарғы бетіне енеді. Бірақ технологиясына қарай бүкіл полюстерді қаңылтырдан жинаған ұтымды. 1.5 суретте тұрақты ток машинасының негізгі полюсі көрсетілген.

Қосалқы полюстер. Қосалқы полюстер қосымша магнит өрісін тудыруға арналған, ол якор реакциясының орнын басады және машина жұмысының әр түрлі тәртібінде, коллектордағы щетканың ұшқын болмайтын жұмысын қамтамасыз етеді. Бұ полюстерді де соғылған болаттан не болмаса электртехникалық болаттың қаңылтырынан дайындайды. Негізгі полюстердің арасында қосалқы полюстер орналасады және ярмаға болаттармен орнатылады. Қосалқы полюстер 1.6 суретте келтірілген.




6-өзекше; 7-қоздырғыш орама
1.6 сурет – Қосалқы полюс


Коллектор. Механикалық түзеткіштің құрамдас бөлігі - коллектор, ол якор орамасында индукцияланатын, генератордан шығатын айнымалы синусоидалы ЭҚК-ін тұрақты ЭҚК-ке айналдырады. Сына пішінде, мыс қаңылтырдан коллекторды жасайды, оларды бір-бірінен. Сонымен бірге миконит төсеніштермен мен манжеттер арқылы коллектордың сыртынан оқшаулайды.

Ыстық күйінде қаңылтырларды цилиндр корпусқа оның қисық беттері дәл цилиндр іспеттес болу мақсатында айналдыра жонылады. Коллектордың қаңылтыры құрылысын 1.7 суретте көреміз. Айналу жылдамдығы жоғары

кезінде тез айналатын машиналарда, щеткалардың дірілі болмау үшін, диск іспеттес коллектор пайданылады, айналу білігіне олардың жанасу беті тік орналасқан. зәкірімен бірге коллектор 1.8 а суретте берілген.




1.7 сурет - Коллектор қаңылтырының құрылысы



1.8 сурет - Коллектордың жиналған түрі (а) және якор қаңылтыры (б)

Щеткалық аспап. Электр энергиясын коллектордан алуға не болмаса беруге арналған щеткалы аспап пайданылады. Аспап серіппелері бар щетка ұстағыштан, щетка шыбығынан, көмірден, щетка траверсінен, графиттен немесе металграфитті щеткадан, ток алатын шиндерден тұрады. Щетка, щеткаұстағышқа салынып коллекторға серіппемен ұстатылып тұрады. Щеткаұстағыш щетка шыбығына бекітіледі де, коллекторға арнайы жағдайда орнатылады. 1.9 суретте щетка мен щетка ұстағыш көрсетілген.



1.9 сурет - Щеткалық аспап

Щетка ұстағыштар қалқанға немесе қаңқамен байланысады. Машина полюстеріне қарағанда траверстерді бұру арқылы, бүкіл щеткалардың жүйесінің орналасуын өзгертуге болады. Щеткалар геометриялық бейтарапта болған кезде, ЭҚК ең үлкен шамасын алу мақсатында, полюс осіне тік түсетін сызықта орнатылады. Оқшауландырғыш төсемелермен төлкелер ккмегімен щетканың болттары траверстен оқшауланады. Траверс пен щетка ұстағыш 1.2 суретте берілген.

Қоздыру орамалары. Магнит өрісін тудыру мақсатында қоздыру орамалары машинаның якор айналатын полюс аралық кеңістікте орналасады. Қоздыру орамасы каркаска оралған, полюс өзекшесіне кигізілетін, шартты түрде дайындалған (1.5 сурет). Қуаты орта немесе аз машиналардың қоздыру орамасында каркассыз шарғылар жиі пайданылады. Жылу өткізгіштігін арттырып, ылғал өткізгіштігін төмендету мақсатында қоздыру орамасының шарғысын лакпен көп қайтара бояйды. Жалпы алғанда, машиналардың негізгі және қосалқы полюстерінің қоздыру орамаларын дайындау технологиясында айырмашылық жоқ.

Якор орамасы. Тұрақты ток машинасының маңызды құрамдыс бөлігі - якор орамасы, ол магнит энергиясына электр энергиясын не болмаса электр энергиясына магнит энергиясын айналдырады. Якордың бойлық ойықтарына якор орамасының орамдарының өткізгіштері орналасады, сондай-ақ олардың ұштары коллектордың қаңылтырымен байланысады.

Якор орамасын электр сұлбаларында «ЯО», ал олардың ұштарын Я₁ мен Я₂ деп белгілейді. Айнымалы ток машиналарындағы сияқты тұрақты ток машиналар якорының орамасын толқындық және тұзақтық деп бөлуге болады, сондай-ақ олардың ұштары коллектор қаңылтырларымен байланысады. Тұйықталған өткізгіштер жүйесіне байланысты орамалар қарапайым немесе күрделі болып келеді. Якор орамасының негізгі элементі секция болып саналады. Секцияның якор орамасы - өзара байланысқан екі коллектор қаңылтырлары ұштарымен байланысқан бөлігі.

Секция бір не болмаса бірнеше орамдардан құралуы мүмкін. Мүмкіндігінше якор полюсінің бөліктеріне бірдей етіп секцияның ені таңдап алынады:

$$\tau = \frac{\pi \cdot D_{я}}{2p} \quad (1.1)$$

мұндағы τ - якор шеңбері бойынша көршілес осінің арасындағы, қашықтыққа тең болатын полюстік бөліну;

$2p$ –полюстер саны;

$D_{я}$ - якордың сыртқы шеңбері.

Секцияның жақтары екі қабат болып, зәкір ойықтарына, оның бір жағы ойықтың жоғарғы қабатында, ал екінші жағы төменгі қабатта орналасады.

Секциялар бір-бірінен бірізді не болмаса қатарласа орналасуы мүмкін. Бұл жерде тұйықталған ораманың параллель тармақ саны екіден кем болмауы қажет:

$$2a \geq 2 \quad (1.2)$$

Жалпы ораманың симметриялығын сақтау мақсатында бөлімдердің жалпы саны қатарлас тармақтардың әрқайсысына, олардың тек бүтін саны келетіндей етіп есептеледі, яғни:

$$c/a = \kappa/a = \text{бүтін сан}, \quad (1.3)$$

мұндағы c – секцияның саны;

κ – коллектордың қаңылтыр саны;

a – якор орамасының параллель тармағындағы жұптардың саны; Жалпы жағдайда:

$$C = \kappa = Z, \quad (1.4)$$

мұндағы Z - элементар ойын саны, секция жақтарының жұп қатары санына тең.

Орамалар қадамдармен жазылады. Бірінші қадам Y_1 - бөлімнің жоғары не төмен жақтарының арасындағы арақашықтығы немесе бөлім ені. Екінші қадам Y_1 - бірінші қадамның төменгі жағы және келесі бөлімнің жоғары жағы арасындағы арақашықтық.

Соңғы қадам Y - бірінен соң бірі орналасқан бөлімдердің жоғары жақтарының арасындағы қашықтығы. Коллектор қадамы $Y_{\kappa 1}$ - бөлімнің жоғары және төменгі жағы арасындағы арақашықтығы, коллектор шеңбері бойынша. Осы арақашықтық көбінесе коллектордың бөліну санымен өлшенеді. Қадамдардың қатынасына байланысты орама оң және сол, сондай-ақ қарапайым және күрделі болып бөлінеді.

1.3 Қозғалтқыштың электрлік тепе-теңдік теңдеулері

Жалпы алғанда, генераторлардың қоздырғыш жүйесі электр қозғалтқыштарының қоздырғыштары болып саналады. Қозғалтқыштардың кеңінен таралған қоздыру түрлері параллель, тізбектей және аралас қоздырулар. Қозғалтқыштардың осы қоздыру түрлерінің жұмыс жасауын талдасақ, жылдамдық және механикалық сипаттамаларына, сонымен қатар электрлік тепе-теңдік теңдеулеріне сүйенеді.

Орныққан жұмыс кезіндегі тұрақты ток қозғалтқыштарының электрлік процестері оның электрлік тепе-теңдік теңдеуімен жазылады. Тұтынатын электр энергиясына якор орамасына берілген кернеу тура пропорционал, якор

тізбегіндегі гистерезис құбылысын, механикалық энергияға айналған пропорционал ЭҚК-тен, щетка түйіспелері мен механикалық үйкелістерді құйынды токтарды ескере отыра, кедергілердің ықпалынан энергияның шығынына пропорционал шамадан артық болуы қажет. Мұны математикалық түрде сипаттасақ:

$$U = E_{я} - I_{я}R_{я} \quad (1.5)$$

1.4 Тұрақты токты қозғалтқыш қуатының энергетикалық тепе-теңдігі

Қоздырудың желіден алатын электр энергиясы, якор білігін айналдыратын механикалық энергияға айналдыру үдерісі магниттік, электрлік және механикалық шығындармен қатысты болып саналады. Қозғалтқыш білігіндегі P_1 механикалық қуат желіден алатын электр энергиясынан қозғалтқыштардың өзінде болатын бүкіл шығындардың шамасындай төмен болады:

$$P_2 = P_1 - P \quad (1.6)$$

мұндағы P_1 - желіден алынған электр қуаты:

$$P_1 = UI \quad (1.7)$$

P – механикалық, магниттік, электрлік және қосымша шығындардың қосындысы. Бұл шығындар келесілерден құралады:

- якор орамасының электр шығыны ($P_{я}$);
- қоздыру орамасының электр шығыны ($P_{с}$);
- щетка және түйіспелі құрылғыларындағы электр шығыны ($P_{щ}$);
- магнитөткізгіштың болаттарындағы электрлік шығын ($P_{с}$);
- желдеткішті қалқан мен щетканың коллектор бетіне үйкелесінен болатын механикалық шығындар ($P_{мех}$);
- магнит өрісі тістерінде соғылуынан болатын шашырау салдарынан және басқа да себептерден болатын қосымша шығындар ($P_{қос}$):

$$P = P_{я} + P_{с} + P_{щ} + P_{мех} + P_{қос} \quad (1.8)$$

мұндағы

$$P_{я} = I_{я}^2 R_{я} \quad (1.9)$$

$$P_{с} = I_{я}^2 R_{сов} + I_{к}^2 R_{щов} \quad (1.10)$$

$$P_{щ} = U_{щ} I_{я} = 2(0,3...1,1)I_{я} \quad (1.11)$$

$$P_c = P(1/150)(f/50)^\beta B^2 G \quad (1.12)$$

Мұндағы $P(1/50)$ -болаттың, $B=1\text{Тл}$ және $f = 50\text{Гц}$ (анықтамалық мәлімет) болған кездегі салыстырмалы шығындары; $\beta = (1,2,\dots,1,5)$ - электрлік болаттың сұйрыпына қатысты коэффициент; f -магнитөткізгіштің есептік бөлігінде болаттың аса магниттелу жиілігі Гц; B - машинаға сәйкес бөлшегінің есептік индукциясы, Тл; G -қарастырған бөліктің салмағы, кг. Механикалық және қосымша шығындарды табу өте күрделі, сол себепті оларды қосымша шығындармен бірге, келесідей өрнекпен анықтауға болады:

$$P_{\text{кос}} = (0,012, \dots, 0,008)P_1 \quad (1.13)$$

Пайдалы әсер коэффициенті келесі өрнекпен есептеледі:

$$\eta = P_2 / P_1 = (1 - \Sigma P) / P_1 \quad (1.14)$$

1.5 Қоздыру кезіндегі тұрақты ток қозғалтқыштарының әр түрлі жылдамдық, механикалық және жұмыстық сипаттамалары

Тұрақты ток қозғалтқышының қасиеттері іске қосу, тежелу, жылдамдық, механикалық және жұмыстық сипаттамаларын толықтай қарастырғанда анықталады.

Тұрақты ток қозғалтқыштарының сипаттамалары қоздыру түріне, жүйесіне тәуелді, оларға анализ жасау кезінде сипаттамаларға көп көңіл аударылады. Қозғалтқыштардың тәуелсіз қоздыруыды көп қолданбау себебі, олардың сипаттамалары бұл жерде қаралмайды. Тұрақты ток қозғалтқышының жылдамдықты реттемелік сипаттамасы дегеніміз, яғни кернеу U мен қоздыру тогы I_e тұрақты болған кезде, якор бөлігінің айналымы мен зәкір тогына I_a қатыстылығы не болмаса: $U = \text{const}$ болса, $n = f(I)$ және $I_e = \text{const}$ болса жылдамдық сипаттамасы келесі өрнекпен есептеледі:

$$n = (U - I_a R_a) / (C_e / \Phi) \quad (1.15)$$

Бұл өрнек қозғалтқыштың электрлік тепе-теңдігі мен якор ЭҚК теңдеулерін бірге қарап, шешкеннен соң алынғаны.

Параллель қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқыштарының жылдамдық сипаттамасына (1.12) өрнекті талдасақ, қозғалтқыш білігінің айнымалы зәкір кернеуінің қысқаштарындағы кернеуге U тура пропорционал, I_a -пен қоздыру орамасындағы токқа I_b зәкір орамасындағы ток (магнит ағынының Φ) кері пропорционал екенін көрсетеді.

Якор реакциясы әсерінен қозғалтқыштағы жүктеме артқан сайын бір мезгілде қоздыру орамасындағы магнит ағыны Φ төмендейді, якордегі ток I_a ұлғайды. Алайда, токтың I_a өсуі магнит ағынының төмендеуіне қарағанда айтарлықтай болады, сол себепті де жүктеме ұлғайғанда айналу жылдамдығы төмендегенмен айтарлықтай болмайды. Қоздыру орамасы магнит ағынының төмендеуін қозғалтқыш білігінің айналу жылдамдығы ұстап отырады.

Параллель қоздыру орамасы бар қозғалтқыштардың қоздыру токтарының көмегімен магнит ағынын өзгерту арқылы айналу жылдамдығын баяу және тиімді басқаруға мүмкіндік беретін жақсы қасиеттерге ие. Қоздыру тогы төмендегенде қозғалтқыштың айналу жылдамдығы өседі, ал қоздыру тогы өскенде қозғалтқыштың жылдамдығы төмендейді. Осы электр қозғалтқыштың айналу жылдамдығын реттеудің ең қолайлы әдісі, себебі қоздыру тогының төмендігінен, қоздыру орамасында болатын қуаттың шығыны, электр қозғалтқыштың номинал қуаттылығының пайыздық үлесін құрайды.

Тізбектей қоздыру орамасы бар тұрақты ток қозғалтқышының жылдамдық сипаттамасы «иілгіштікке» жатады, яғни, айналу жылдамдығының жүктемеге тәуелділігі нақты байқалады. Осындай сипаттамалар гипербола тәрізіндегі сипатта болады, бұл тізбектей қоздырылатын қозғалтқыштардың айрықша қасиеті болып саналады. Сериесті қозғалтқыштың сериестік сипаттамасының теңдеуі де параллель қоздырылатын қозғалтқыштармен ұқсас келеді. Тізбектей қоздыру орамасы бар қозғалтқыштардың қоздыру тогы якор тогына тең, сонымен қатар өзгеріске ұшырайтын болғандықтан, осындай қозғалтқыштардың магнит ағындары жүктемеден біршама дәрежеде тәуелді болады, ол оның жылдамдық сипаттамасының айрықша көрініске ие. Төмен және орта жүктеме барысында магнит тізбегі қаныққан уақытта, магнит ағынының өзгеруі, ток өзгерісіне пропорционал болажаы, сонымен қатар қозғалтқыштың айналу жылдамдығы жүктемеге қатты тәуелді болып саналады. Жүктеме ұлғайған сайын, қозғалтқыш магнит тізбегінің Φ өсу қарқыны азаймайды, жылдамдығы аз жүктелу аралығымен салыстырғанда аз дәрежеде өзгере түседі. Жылдамдықтың сипаттамасы «катал» бола түседі. Тізбектей қоздыру орамасы бар қозғалтқыштың кемшілігі, жүктеме төмен болған жағдайда, сәйкесінше магнит ағыны біршама төмендейді. (1.15) теңдеуге сәйкес айналу жылдамдығы тез ұлғаяды. Яғни, қозғалтқыш «басқару аймағынан ауытқиды» да, айналу бірнеше есеге ұлғая түседі, бұл қозғалтқыштың айналу бөліктерінің механикалық тозуына алып келуі мүмкін. Сол себепті де, сериесті қозғалтқыштарды «бос жүріс» кезінде және жүктеме аз кезінде жалғауға болмайды.

Аралас қоздыру орамасы бар қозғалтқыштың жылдамдық сипаттамасы. Аралас қоздыру орамасы бар қозғалтқыштың жылдамдық сипаттамасының теңдеуі параллель қоздыру орамасы бар қозғалтқышқа ұқсаса, айырмашылығы тек бір магнит ағынының орнына өзара үйлесімді не болмаса өзара қарсы әрекет ететін екі магнит ағындары болады:

$$n = (U - I_a R_a) / C_c \cdot (\Phi_{шоб} \pm \Phi_{сов}) \quad (1.16)$$

Мұндағы $\Phi_{шоб}$ мен $\Phi_{сов}$ - сәйкесінше шунттық пен сериестік қоздыру орамларының магнит ағындары, шунтты және сериестік қоздыру орамаларының «+» сәйкес, ал «-» қарсы жалғануы. Сериестік ораманың орам санын өзгерте отыра және оны шунттық орамамен байланыстыру көмегімен параллель қоздыру орамасы бар қозғалтқыштан тізбектей қоздыру орамасы бар қозғалтқыштардың орамасын алып жатқан топтамасын алуға болады. Бұл артықшылықтығы, яғни жүктемесіз жұмыс жасау барысында айналым жылдамдылығы басқарудан ауытқып кетуі болмайды. Сел себепті де, айналым жылдамдығының шектен ауытқып кетуін, якор орамасына әрдайым жалғаулы болатын шунттық қоздыру орамасының $\Phi_{шоб}$ магнит ағыны тежеп отырады.

Тұрақты токты қозғалтқыштың механикалық сипаттамалары. $U = \text{const}$ мен $I_b = \text{const}$ тең болғанда, $n = f(M)$ тәуелділігін механикалық сипаттама деп атаймыз. Бұл сипаттаманың теңдеуі тұрақты ток қозғалтқышының моменті мен жылдамдық сипаттамасымен (1.16) бірге шешу арқылы табылады.

$$M = C_m L_{я} \Phi n = ((U / c_e \Phi)) - (MLR_{я} / c_n \Phi^2) \quad (1.17)$$

мұндағы c_n - тұрақты коэффициент, ол тең болады:

$$c_n = c_e L c_m \quad (1.18)$$

Тұрақты токты қозғалтқыштың механикалық сипаттамасы оның жылдамдық сипаттамасынан тек абцисса осінің масштабымен ғана айырмашылықта болып тұр.

Аралас және параллель қоздыру орамалары бар қозғалтқыштардың механикалық сипаттамаларының қатаңдығы неше түрлі дәрежедегі құлдыраудың сипаты болып саналады.

Қаныққан түріндегі, гиперболалық сипатта сериесті қозғалтқыштардың механикалық сипаттамасы ие болады. Жүктеме өзгерген уақытта, тізбектей қоздыру орамасы бар қозғалтқыштың болатының қанығуы үлкен ауқымда өзгеріске ұшырайтын болғандықтан, оның түрі жалпы заңдылықты сақтай отыра, гипербола түрінен өзгере бастайды. Тізбектей қоздыру орамасы бар тұрақты ток қозғалтқышының айрықша сипаты, яғни олардың жүргізу моменті ұлғайғанымен, қандай да бір тәртіппен жұмыс жасағанда да жұмыстың тұрақтылығын қамтамасыз ете алатын өзіне тән механикалық сипатының болуы. Осы ерекшелігіне байланысты оны көлік электр жетегінде пайдалануға жол ашады. Жұмыстық сипаттамалары якордегі токтың тұтынылған электр қуатының Р-якор білігінің айналу жылдамдығы n , біліктегі момент M пен қозғалтқыш ПӘК-інің берілген кернеуден және қоздыру орамасындағы ток мәндері тұрақты болған жағдайда, қозғалтқыш білігіндегі

